

БҰҰ АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ БОЙЫНША КЕҢЕС ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕЛУІ

Сыдық Арайлым Жеңісқызы

Sydykova2@mail.ru

Халықаралық құқық кафедрасының 3-курс студенті, Л.Н. Гумилев
атындағы ЕҰУ-ның Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекші: Сарсенова С.Н., Л.Н. Гумилев атындағы
ЕҰУ-ның Халықаралық құқық кафедрасының доценті, з.ғ.к.

Адам құқықтары саласындағы халықаралық органдар мен механизмдердің тәжірибесі көрсетіп отырғандай, олар адам құқықтарының сақталуының қажетті элементі және қосымша кепілі болып табылады. Олар мемлекетішілік органдардың орнын баспайды, керісінше, оларды толықтырады. Халықаралық органдар мен механизмдерсіз адам құқықтары міндеттемелерінің сақталуы қадағаланбай, құқықбұзушылықтар орын алуы мүмкін. Сондықтан, қазіргі таңда осы халықаралық органдардың дамуы және оларда барынша көп мемлекеттердің қатысуы өзекті мәселелердің біріне айналып отыр.

Түйін сөздер: Адам құқықтары, халықаралық органдар, механизмдер.

Адам құқықтары саласындағы халықаралық ынтымақтастықтың даму бағдарламасының нәтижелі түрде іс жүзінде орындалуы, халықаралық үкіметаралық ұйымдар қызметімен тікелей байланысты мемлекеттер арасындағы қарым-қатынастың нақты ұйымдастырушылық негіздерінің болуына қатысты болады. Осындай халықаралық ұйымдар жүйесінде құзыреттілігі көлемі мен қызмет ету масштабтары бойынша Біріккен Ұлттар Ұйымы ерекше орынға ие. Ұйымның Жарғысы тікелей анықтап отырғандай, БҰҰ-ға адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын жаппай сақтау мен қадірлеуге көмектесу міндеті жүктеледі және оның қатысушы мемлекеттері Ұйыммен ынтымақтаса отырып, бірлескен және тәуелсіз түрде жүзеге асыруға міндеттеледі.

Қазіргі кезде комитеттер адам құқықтары сақталуы үшін керек жағдайларды жақсырақ түсіну үшін, мәселелерді шешуде мемлекеттерге нақты шешімді табуға көмектесу үшін жергілікті миссияларға қатысады. Олар, сонымен қатар, адам құқықтары бұзылуы мен бар проблемалардың масштабты конфликттерге айналуын алдын алу үшін арнайы процедураларды жүргізуде. Мысалы, олар дереу әрекетті қажет ететін жағдайларға қатысты арнайы баяндамаларды сұратуға, арнайы миссиялар мен техникалық көмек бойынша миссияларды жүргізуге құқылы. Адам құқықтары офицерлері осы алты негізгі адам құқықтары комитеттері барлығымен немесе кейбіреулерімен тығыз байланыста қызмет істеуі мүмкін.

Адам құқықтары туралы конвенциялардың орындалуына бағытталған арнайы келісімшарттар негізінде істейтін арнайы механизмдер бар. Олардың бірі – мемлекеттер баяндамалары. Адам құқықтарына қатысты жағдайды баяндау – шарттық міндеттемелердің жергілікті деңгейде имплементациялануын халықаралық қадағалаудың негізгі элементі. Келісімшарттар негізінде құрылған органдар мемлекеттердің баяндамаларын қарастырып, оларға жауап беруге және жетілген жетістіктер мен әлі де көңіл бөлу керек мәселелерді анықтауға өте көп уақыт бөледі[1].

Баяндамалар баяндаушы мемлекеттердің өкілдерімен бірге ашық жиналыстар кезінде қарастырылады. Мемлекеттік емес ұйымдар да осы жиналыстарда қосалқы баяндамаларды ұсына алады. Көп жағдайларда, бұндай ұйымдардың баяндамалары мемлекеттер үкіметі ұсынған баяндамаларына қарағанда жергілікті жағдайдың қарама-қайшы бағасын береді. Мемлекеттік емес ұйымдар ұсынған баяндамаларға комитеттер мемлекеттер өкілдеріне сұрақ қою кезінде немесе шешімге келуде және ұсыныстарды жасауда көңіл бөлуі мүмкін. Егер де комитет белгілі бір мемлекеттің халықаралық адам құқықтары стандарттарын бұзғанын тапса, ол сол мемлекетті келесі баяндамада құқықбұзушылықтарды жою үшін жасалған әрекеттер туралы мәліметті көрсетуге міндеттей алады.

Келісімшарттар негізіндегі механизмдердің тағы да біреуі – конвенциялық шағымдану процедуралары. Шағымдану процедуралары жеке тұлғаларға халықаралық форум назарына мемлекет үкіметі жасаған құқықбұзушылықтарды әкелу мүмкіндігін береді. Халықаралық органдар мұндай кезде шағымдарды тек жергілікті заңды механизмдердің барлығы қолданылған кезде, яғни ұлттық соттар немесе әкімшілік мекемелер шағымды қабылдамаған кезде және мәселені шешуге басқа ұлттық тәсіл қалмаған жағдайда ғана қарастыра алады.

Жеке тұлғалардан шағымдарды қабылдау, сонымен қатар, Халықаралық азаматтық және саяси құқықтар туралы Пакттің қосымша хаттамасында көрсетілген. Осы қосымша хаттаманы қабылдаған мемлекет Адам құқықтары бойынша Комитеттің жеке тұлғалардан Пактта көрсетілген құқықтары мемлекетпен бұзылған жағдайда шағымдарды қабылдауға құзыреттілігін мойындауға міндетті. 2007 жылдың статистикасына сәйкес, барлығы 110 мемлекет Адам құқықтары бойынша Комитеттің жеке шағымдарды қарастыру құқығын мойындаған болатын. Комитет шағымды тек келесі жағдайларда ғана қарастыруға қабылдай алады: егер шағым құқықбұзушылық құрбаны өзінен немесе оның атынан жасалған болса, егер барлық ұлттық заңды механизмдер қолданылған болса, және егер шағым Пакт ережелеріне сәйкес болса[2].

Комитет белгілі бір кейсті қарастырғанда шешімге келетін болса, ол шешім мемлекеттерді заңды түрде міндеттей алмайды. Бұл Қосымша хаттамада тікелей көрсетілмесе де, Комитет өзінің шешімдерін көпшілік алдында жариялайды. Оның нәтижесінде, мемлекеттер Комитет шешімдері мен шараларды жүзеге асыру туралы және алдыңғы соттық шешімдерге

өзгертулер енгізу туралы ұсыныстарына максималды түрде көңіл бөлуге тырысады. Кейбір жағдайларда, алайда, бұл тек саяси режим ауысқан кезде ғана орын алады[3].

Адам құқықтарына байланысты маңызды конвенциялар қатарына Азаптауға қарсы Конвенцияны да жатқызуға болады. Оның негізінде құрылған орган – Азаптауға қарсы Комитет. Бұл комитет конвенцияның 20-бабына сәйкес, қатысушы мемлекеттерден азаптауға қатысты мәселелерге байланысты мәліметтерді талап етуге құқылы. Алайда, комитеттің бұл құзыреті міндетті емес, және мемлекеттер комитеттің жеке тұлғалардың өздерінен немесе олардың атынан шағымдарды қабылдауға құзыреттілігін мойындауы туралы арнайы декларацияға қол қоюы керек. Адам құқықтары офицерлері оларды қабылдаған мемлекеттің осы «22-бап декларациясына» келіскен-келіспегендігін білуі керек[4].

Азаптауға қарсы Конвенцияның Қосымша хаттамасы 2006 жылдың маусымында күшіне енді. Оны барлығы 34 мемлекет ратификациялады. Қосымша хаттамада көрсетілгендей, Азаптау мен басқа қатыгездіктерді алдын алу бойынша қосалқы комитеттің бостандығынан айырылған тұлғалар ұсталған жерлерге барып, тексеруге құзыреті бар. Бұл қосалқы комитет барлық қамауда ұсталған тұлғалар туралы мәліметтер алуға және олар қамалған мекемелерді тексеруге құқылы. Бұл хаттаманы ратификациялаған мемлекеттер азаптауды алдын алу үшін арнайы тәуелсіз механизмдерді құруға міндетті.

Адам құқықтары саласында тағы да айта кетерлік конвенциялардың бірі – Нәсілдік дискриминацияны жою туралы Конвенция. Бұл конвенцияда да аталған дискриминация түрін жою бағытындағы бірнеше механизмдер айқындалған. Мысалы, Конвенцияға сәйкес, нәсілдік дискриминацияның құрбаны болған жеке тұлға немесе жеке тұлғалар тобы өз мемлекетіне қарсы Нәсілдік дискриминацияны жою бойынша Комитетке шағымдануға құқылы. Алайда, бұл үшін қатысушы мемлекеттің міндетті түрде Комитеттің жеке тұлғалардан шағым қабылдай алу туралы құзыреттілігін мойындауы керек. Бұл талап Конвенцияның 14-бабында анықталған[5].

Барлық шағымдану процедуралары құпия түрде өткізіледі, сәйкес органдардың жиналыстары жабық және іске қатысты құжаттар жарияланбайды. Алайда, Комитет қабылдаған соңғы шешімдер жариялануы мүмкін.

Ұқсас механизм, сонымен қатар, Әйелдерге қарсы дискриминацияны жою туралы Конвенцияның қосымша хаттамасында көрсетілген. Қосымша хаттама 2000 жылы желтоқсанда күшіне енді. 2007 жылдың қараша айындағы статистикаға сәйкес, бұл қосымша хаттаманы барлығы 90 мемлекет ратификациялаған. Оған сәйкес, жеке тұлғалар Әйелдерге қарсы дискриминацияны жою бойынша Комитетке мемлекетте болған құқықбұзушылықтар туралы шағымдар бере алады[6].

Дүние жүзінде адам құқықтарын қорғау үшін БҰҰ аясында басқа да көптеген органдар мен мекемелер әрекет етеді. Олардың қатарына

ЮНИСЕФ, БҰҰ Даму бағдарламасы, БҰҰ Әйелдер Даму Қоры, Халықаралық Еңбек Ұйымы, ЮНЕСКО, БҰҰ Босқындар ісі жөніндегі Жоғарғы Комиссар және тағы басқалары. БҰҰ Босқындар ісі жөніндегі Жоғарғы Комиссар босқындардың құқықтарын қорғаумен және керек жағдайларда оларға өз мемлекеттеріне қайтуға немесе жаңа қоныс табуға көмектесумен айналысады. Сонымен қатар, Жоғарғы Комиссар Басқармасы қақтығыстар болып жатқан барлық жерлерде жұмыс істейді және оның қызметкерлері жергілікті БҰҰ адам құқықтары офицерлерімен тығыз байланыста әрекет етеді. Оған мысал ретінде Дарфур, Тимор-Лесте және Либерияда болған жағдайларды келтіруге болады. Жоғарғы Комиссар, сонымен қатар, 26 миллион бір мемлекет территориясында мәжбүрлі қоныс аударушылардың құқықтары мен қажеттіліктерін де ескереді. Осыған орай, мемлекетшілік мәжбүрлі қоныс аударудың арнайы қағидалары мен нормаларын қамтитын құжат жасалған болатын. Бұл құжат барлық адам құқықтары офицерлеріне қолжетімді болу керек.

Қолданылған ақпарат көздері:

1. Buergenthal T. The UN Human Rights Committee. 2001.P.58.,
2. Aawyers for Community and the environment. Introduction to the United Nations Human Rights System. Cape town, South Africa. 2001.P.35.,
Факультативный протокол к Международному пакту о гражданских и политических правах // http://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/pactpro1.shtml,
3. Конвенция против пыток и других жестоких, бесчеловечных и унижающих достоинство видов обращения и наказания // http://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/torture.shtml,
4. Международная конвенция о ликвидации всех форм расовой дискриминации // http://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/raceconv.shtml,
5. Конвенция о ликвидации всех форм дискриминации в отношении женщин // http://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/cedaw.shtml.